

Жоғары білім беретін оқу орындардың, колледж және кәсіптік лицейлердің бітірушілеріне жастар тағылымдастасын үйрімдастыру туралы

## *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 19 мамырдағы N 373 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 мамырда N 14-7-79 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 ақпандағы N 187 Қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2011.02.14 N 187 Каулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына жасаған Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 12 наурыздағы N 765 Жарлығы, "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына жасаған Жолдауын (Жол картасын) Оңтүстік Қазақстан облысында жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" облыс әкімдігінің 2009 жылғы 11 наурыздағы N 79 қаулысына сәйкес және жұмыспен қамтуда жәрдем көрсету іс-шараларын кеңейту мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Аудандағы кәсіпорындары мен ұйымдарында (әрі қарай-Жұмыс беруші) жоғары білім беретін оқу орындарын, колледж және кәсіптік лицейлерін бітірген, жұмыспен қамтылмаған бітірушілеріне (әрі қарай-Бітіруші) жастар тағылымдамасын үйымдастыру және өткізуі.

2. Бітірушілер үшін жастар тағылымдамасын ұйымдастыру келесі шарттарды ескере

1) оқу орындарын бітіріп, жұмысқа орналаспаған Бітірушілердің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде (әрі қарай-Үекілетті орган) жұмыссыз ретінде тіркелуі;

2) Бітірушінің алған мамандығы бойынша еңбек өтілі және дағдысының б о л м а у ы .

### 3 . У ә к і л е т т і о р г а н :

1) келешекте одан әрі даму және өндірісін кеңейту перспективасы бар және Бітірушілер үшін жастар тағылымдамасында әлеуетті жұмыс беруші бола алатындар жайында ақпарат жинау жұмыстарын іске асырады;

2) Жұмыс берушінің кадрлық сұраныстары негізінде, жастар тағылымдамасына қатысу үшін жұмыссыз Бітірушілер арасында талдау жұмыстарын жүргізді;

3) Уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген Бітірушіге, жастар тағылымдамасына қатысу үшін жолдама береді;

4) оку орындарын бітірген жұмыссыз Бітірушілерге жастар тағылымдамасы аясында жұмыс орындарын беруге ықыласты Жұмыс берушімен келісім-шарт жасайды.

Келісім-шартта Жұмыс беруші мен Уәкілетті органның құқықтары мен жауапкершілігі, жұмысқа қабылданып жатқан жұмыссыз Бітірушілердің саны, жастар тағылымдамасы аясында Жұмыс берушінің ұйымдастырған мамандықтарының тізімі ескеріледі.

Келісім-шарт алты ай мерзімге дейін жасалады.

4. Жұмыс беруші :

1) жастар тағылымдамасын өту үшін Уәкілетті орган жолдап отырған Бітірушімен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасайды;

2) жастар тағылымдамасы аясында әрбір жұмыс орнында қауіпсіздік жағдайы жасалуды қамтамасыз етеді;

3) жастар тағылымдамасына қатысушылардың жұмыс уақытына есеп жүргізу табелін және актін жүргізіп, әр айдың 25-жүлдөзына дейін Уәкілетті органға өткізеді;

4) жастар тағылымдамасына жолданған Бітірушіні тұрақты жұмысқа қабылдап алуға құқығы бар;

5) еңбек шартының мерзімі өткендігі немесе Бітірушіні тұрақты жұмысқа қабылданғандығы жайлы Уәкілетті органды хабардар етеді.

5. Уәкілетті орган Жұмыс берушімен түзген келісім-шартты, Қазақстан Республикасының Заңнамаларына сәйкес келген жағдайларда бұзуына құқығы бар.

6. Жастар тағылымдамасын өткізу жөніндегі іс-шаралар бюджет қаржысы есебінен қаржыландырылады.

7. Жастар тағылымдамасына қатысушылардың ай сайын нақты жұмыс атқарған уақыты үшін ағымдағы нысаналы трансфертерден аударылатын орташа айлық аударымдар мөлшерін міндепті зейнетакы жарналары мен жеке табыс салығын қоса алғанда, жұмысқа орналастырылатын жоспарлы саны мен қатысу мерзімін ескере отырып, Уәкілетті органмен төленеді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2010.06.21 N 614 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қаралызы)** **Қалысмен.**

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш. Ж.  
Кенжеевке жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі:* *K. Хаметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК